

С. С. Түсіпбеков, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция подполковнигі;

И. М. Исаков, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМІ

Конституциялық нормаларды, идеяларды іске асырудың толықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында адамның абсолютті құқықтарын кеңінен қарастыру қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясының негізгі идеясы адам мүдделерінің жалпыға бірдей презумпциясы болып табылады. «Адам мүдделерінің презумпциясы, — дейді профессор Г. Мальцев, — заң аясында барлық қарама—қайшылықтар, барлық дау—дамайлар адам үшін не тиімді деген көзқарас тұрғысынан шешіледі де, барлық шешімдер осы тұрғыдан қабылданады, ал ол адам қайдағы бір қиялдағы, қандай да бір болмасын демократиялық сұлабаға сәйкес әсіреленген адам емес, нақты мақсаттары мен қажеттіліктері бар тірі адам»¹.

Заң шығарушылық та, құқық нормаларын іске асыру да адам мүдделері оларға байланысты бейтарап, қатысы шамалы нәрселердің барлығынан, оның бергі жағында оған қарсы, мысалы, қазыналық-бюрократтық, субъективтік-волюнтаристік жалтарулардан сөзсіз жоғары тұруы керек.

Осыдан келіп, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық ретінде мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының өктемдігінің жолында тосқауыл болуға, мемлекеттің қоғамды шексіз билеп-төстеуіне кедергі қоюға тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік құқықтың қайнар көзі бола отырып, мемлекеттің міндеттерін, оның саяси және экономикалық жүйелерін, сыртқы саясатты, мемлекеттік қорғанысты, әлеуметтік және мәдени даму негіздерін айқындайды және республика азаматтарының құқықтары мен міндеттері жүйесін, ұлттық-мемлекеттік құрылысты, әкімшілдік-территориялық бөліністі, мемлекеттік билік пен әділ сот және прокурорлық қадағалау қызметтерінің ұйымдастыру қағидаларын бекітеді. Сол сияқты, конституцияда мемлекеттік құрылыстың негіздерін, оның шынайы гуманистігі мен демократияшылдығын анықтайтын, маңызды мемлекеттік-құқықтық қатынастарды реттейтін нормалар орын алады. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің басты міндеттерінің бірі өз азаматтарының бостандықтары мен заңды құқықтарын барынша қорғау болып табылса, Қазақстан мемлекеті адам құқықтары жөніндегі халықаралық нормаларды толық қуаттай отырып, оны бұлжытпай жүзеге асыруға толық кепілдік береді. Оның айғағы азаматтардың саяси, еңбек, әлеуметтік және басқа да құқықтарының Қазақстан Республикасының Конституциясында толық жан-жақты көрініс табуы.

Қазақстан Республикасының халқы, өзінің егемендік құқығын негізге ала отырып, азаматтық институтының конституциялық-құқықтық толықтығын белгіледі. Республика Конституциясының ережелерін талдаудан келіп шығатыны, азаматтық тұлғаның Қазақстан мемлекетімен конституциялық-құқықтық байланысын білдіреді. Ол ұзаққа созылатын және орнықты байланыстармен, олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы болуымен сипатталады. Конституцияның 10-бабының 1-тармағы Қазақстан Республикасы азаматтығының бірыңғайлығы және теңдігі қағидаларын орнықтырады. Азаматтықтың бірыңғайлығы туралы конституциялық принципін мемлекеттің біртұтастығынан келіп шығады және Республика азаматтарының, бірыңғай конституциялық құқық субъектілікке негізделген, бірыңғай құқықтық мәртебеге ие екендігін білдіреді. Азаматтық теңдік қағидасы дегенде, Республика азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қатыссыз, құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің теңдігін түсінген жөн. Конституцияның 10-бабының 1-тармағында азаматтықтың конституциялық-құқықтық заңдылығы көзделеді — ол заңды негіздерде алынған жағдайда ғана танылады. Адам құқықтары туралы нормалар Республика Конституциясының «Адам және азамат» деп аталатын бөлімінде толық көрініс тапқан. Маңыздысы сол, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын конституциялық-құқықтық реттеу азаматтық туралы нормалармен алдын алынады, өйткені сол арқылы тұлғаның конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің нақты бағытталымы мен мазмұны бекітіледі. Соның ішінде, біздің Ата Заңымызда бекітілген бірнеше жеке құқықтарға тоқталатын болсақ:

Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ.

Әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, арнамысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар.

Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

Адамдардың осындай жеке құқықтарын жүзеге асыруда Конституциялық Кеңестің алатын орны үлкен. Себебі Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мемлекеттік орган ретінде Республиканың бүкіл аумағында Конституцияның жоғары тұруын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына байланысты 72-бабында көрсетілгендей, Конституциялық Кеңес Республикасының халықаралық шарттарын бекітілгенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды, Конституцияның нормаларына ресми түсіндірмелер береді. Конституциялық Кеңес соттардың өтініштерін Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда қарайды. Конституцияның 78-бабында былай делінген: «Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолдануға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті»². Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясына кереғар деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарына қол қоймайды не тиісінше бекітілмейді және күшіне енгізілмейді. Осы бапқа сәйкес азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы асырылатын сот ісін жүргізудің дұрыс жүргізілуінің қамтамасыз етеді.

Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Республика Президенті Н. Назарбаев сөз сөйлеп, «біздің басты жетістіктеріміз — 1995 жылы бүкіл халқымыз қабылдаған Конституцияның жемісі», — деп атап көрсеткен болатын³. Конституция мемлекеттік және қоғам өмірінің құқықтық негіздерін нығайтуда, саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды алға бастыруда, қоғамдағы тұрақтылыққа қол жеткізуде үлкен рөл атқарды. 2007 жылы Конституциялық Кеңес 19 өтініш қарады. Соның ішінде - 10 өтініш Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру туралы, 2 — Парламент қабылдаған заңдардың конституциялылығы туралы, 7-соттардың ұсыныстары бойынша. Ресми түсіндіру, Конституцияның мемлекеттік органдардың құзыреті, депутаттардың өкілеттігін тоқтату негіздемелері, халықаралық шарттарды бекіту және өзге де мәселелер регламенттелетін баптарына қатысты болды. Депутаттар тобы (8 өтініш), Парламент Мәжілісінің Төрағасы және Премьер Министр өтініш субъектілері болды. Парламент қабылдаған: «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы екі заң Конституцияға сәйкестігі мәнінде қаралды. Республика соттарынан Конституцияның 78-бабы тәртібімен келіп түскен өтініштерде кейбір нормативтік құқықтық актілердің және халықаралық шарттардың конституциялық еместігі туралы мәселелер қойылған болатын. Конституциялық Кеңес, атап айтқанда, «Байқоңыр» кешені бойынша Қазақстан мен Ресейдің арасында жасалған екі халықаралық шарттың жекелеген ережелерін Конституцияға қайшы және Қазақстан азаматтарының құқықтарын бұзады деп тапты. Елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйіне мейлінше толық сипаттама беру мақсатында Конституциялық Кеңес мемлекеттік органдардың осы саладағы статистикалық мәліметтерін талдап отырады. Талдау көрсеткендей, азаматтардың еңбек құқықтарын жаппай бұзу сипат алған. 2007 жылы 107 мыңға жуық еңбек туралы заңдарды бұзу деректері анықталған. Азаматтардың бас бостандығына және жеке басына қол сұғылмауына деген конституциялық құқықтары бұзылып отыр. Мәселен, өткен жылы 3788 адамға қатысты негізсіз қамауға алу қолданылған. Полиция қызметкерлері тарапынан ұсталған азаматтарға күш-зомбылық көрсету деректері орын алған. Азаматтардың негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны үшін шығынды өтеу туралы соттар қараған талап-арыздары бойынша мемлекеттен 30 миллион теңгеден астам өндірілген.

Республика соттарының Конституциялық Кеңеске өтініш жіберу практикасы қорытылды. Сондай-ақ конституциялық іс жүргізу және Кеңестің өкілеттігі туралы заң талаптарын ескермеуге байланысты, соттар ұсыныстарын ресімдеудегі кемшіліктер анықталды. Қорыту нәтижесі бойынша тиісті хат дайындалып, Республиканың Жоғарғы Сотына жіберілген. Конституциялық Кеңес, заңнамаға сәйкес қабылданған шешімдердің орындалу тәртібін анықтауға, сондай-ақ тиісті органдар мен олардың лауазым иелерінің аталған шешімдерді орындау мақсатында қабылданған шаралар туралы ақпарат беру мерзімін белгілеуге хақылы. Соған орай Кеңес соңғы уақытта өз шешімдерінің мәтінінде тиісті жазбаша ескертулерді тұжырымдауды тәжірибеге айналдырған. Конституциялық Кеңес қаулыларының тиісті түрде орындалуына олардың жариялануы да септігін тигізеді. Барлық қорытынды шешімдер мемлекеттік және орыс тілдерінде республикалық ресми басылымдарда жарияланады. Одан тыс, бұл шешімдер Республика Президентіне, Парламент Палаталары Төрағаларына, Жоғарғы Сотқа, Бас прокурорға, Әділет министріне, сонымен қатар өтініш субъектілеріне жіберіледі. Конституциялық Кеңестің жыл сайынғы Жаршысы шығарылады.

Конституциялық Кеңестің өте маңызды және үлкен қоғамдық пікір туғызатын қаулыларының мазмұнын түсіндіру мақсатында, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін мезгіл-мезгіл баспасөз конференциялары өткізіліп тұрады. Жұмыстың бұл нысанына зор маңыз беріледі, өйткені кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында Кеңес қызметін кейде әділетсіз бағалау, оның қабылдаған шешімдерінің мәні мен мағынасын бұрмалайтын мәліметтер, конституциялық нормаларға кейде құрметсіз қарау кездеседі. Бұл мәселелер бойынша объективті және дұрыс ақпараттың болуы конституциялық ережелерді насихаттауға, тұрғындарды құқықтық тәрбиелеуге және құқықтық нигилизмді еңсеруге сеп болады. Конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету көбіне қолданыстағы заңдардың жай-күйі мен сапасына, оның Конституцияға сәйкестігіне байланысты. Конституциялық Кеңеске соттардан келіп түсетін ұсыныстар санының аз болуы да алаңдаушылық туғызады. Өткен жылы бар-жоғы мұндай жеті өтініш қана келіп түсті. Алайда сот кез-келген нормативтік құқықтық актілердің, соның ішінде заңдарды, Президент жарлықтарын, Үкімет қаулыларын, орталық және жергілікті атқарушы билік органдары актілерін қосқанда, егер олар Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, олардың конституциялылығына дау айтуға хақылы. Конституциялық Кеңес, қолданылып жүрген заңды, прокурордың сол немесе өзге бір нормативтік құқықтық актінің конституциялылығы туралы мәселе бойынша сотта бастамашылық жасау құқығы жөніндегі нормалармен толықтыру, сондай-ақ соттардың төрағаларына ғана емес, судьяларға да Конституциялық Кеңеске жүгіну құқығын беру туралы ұсыныстарды қайталап енгізіп отыр. Өтініштерді қараудың қорытындысы бойынша өзінің заңдарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын тұжырымдай келе, Конституциялық Кеңес оларды бұдан кейін де тұрақты түрде Парламентке жіберіп тұруды көздеп отыр. Конституциялық Кеңестің жолдауларын тыңдау қорытындылары бойынша Парламент қабылдайтын қаулыларда бұл жолдауларды назарға алумен ғана шектелмей, олардың ішіндегі ұсыныстарды жүзеге асыру жолдарын ескерген де жөн болар еді. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында былай: «Заң шығару саласында бәрі де ойдағыдай емес. Тәуелсіздік жылдары ішінде елде қабылданған заң актілерінің саны мыңға жетіп қалды, бұл оларды дұрыс қолдануда қиыншылық туғыза бастады, қолданылып жүрген құқықты ондағы құқықтық қайшылықтардан, ескірген және қайталанып келетін нормалардан арылту қажеттігі пайда болды», — деп атап өткен болатын⁴. Конституциялық Кеңестің пікірінше, Қазақстан Республикасы заңдарының Жинағын әзірлеуге, елімізде жасалған заңдар базасын мұқият тексеруге кіріскен жөн.

Менің пікірімше, Мемлекет басшысының тиісті жарлықтары негізінде қабылданған Қазақстан Президенті, Парламенті, Үкіметі және соттары туралы конституциялық заңдар сияқты, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заң қабылдауы да мақсатына сай болды. Осылайша Республиканың мемлекеттік органдары туралы конституциялық заңдарының жүйесі қисынды түрде соңына жеткен еді. Аталған іс-шараларды жүзеге асыру Республикадағы конституциялық заңдылықтың нығаюына септігін тигізіп, адам құқықтары мен бостандықтарының мәртебесін көтеруге басқан нық қадамдардың бірі.

1 Чичерин Б.Н. О началах этики. Философские науки. — 2003. — № 1. С. 2.

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995. 30 тамыз. (өзгертулер мен толықтырулар 07.10.1998; 21.05.2007) // Астана, 2000. 74-б.

3 Назарбаев Н. А. В потоке истории. — Алматы, 1999.

4 Место и роль Уполномоченного по правам человека в правозащитной деятельности государства. — Материалы научно-теоретической конференции. КазГЮУ. Алматы, 2006. С. 7.